



Инфляциялық күтулер


Ақпан 2023

- Күтілетін инфляцияның медианалық бағасы айтарлықтай баяулады
- Тұтынушылардың көңіл-күйі алдыңғы аймен салыстырғанда біршама нашарлады, бірақ жалпы оң аймақта

Күтілетін инфляцияның медианасы баяулауды жалғастырды

Бағалардың ағымдағы өсуінің сақталуын не жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы ақпанда 53% дейін төмендеді (2023 жылғы қаңтарда – 57%). Күтілетін инфляцияның медианалық бағасы¹ 14,2% (17,3%) дейін, қабылданатын инфляция 21,2% (21,7%) дейін төмендеді (1-график).

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

2023 жылғы ақпанда азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі төмендеді (84%). Бұл ретте респонденттер жеміс-көкөніс өнімдеріне (34%), сүт өнімдеріне (32%), ет өнімдеріне (29%) бағаның өскенін атап өтті. Бұдан басқа, ТКШ қызметтерінің қымбаттағанын атап өткен респонденттердің үлесі өсті (13%) (2-кесте). Қалған тауарлар мен қызметтер бойынша респонденттердің үлесі төмендеді. (2-кесте).

2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

(бір жыл алдағы уақытта бағаның өсугін күтетін респонденттердің %)




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Тұтынушылардың көңіл-күйі алдыңғы аймен салыстырғанда біршама нашарлады, бірақ жалпы алғанда оң аймақта қалды


Тұтынушылардың көңіл-күйі индексі 2023 жылғы ақпанда 105,3 құрады (2023 жылғы қаңтарда – 111,8). Атап айтқанда, таяудағы жылы елдің даму перспективаларының өзгеруі бойынша бағалау айтарлықтай нашарлады (13,5 тармаққа төмендеді). Сондай-ақ, бір жылдан кейін жеке материалдық жағдайды бағалау (7 тармаққа), елдің дамуын ұзақ мерзімді бағалау (5 тармаққа) төмендеді.

Ағымдағы жағдайды бағалауда өткен жылдағы жеке материалдық жағдайдың (4 тармаққа), ірі сатып алуға дайындықтың (2 тармаққа) бағалары төмендеді, бұл ретте екі көрсеткіш те әлі де теріс аймақта болуды жалғастыруда.


4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



6-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияны медианалық бағалау: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияны медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қанша өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді